

Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 қыркүйектегі 39 сессиясының № 4 "Бұқар жырау ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 3 ақпандағы 45 сессиясының № 6 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 ақпанда № 3667 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 маусымдағы № 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 21.06.2018 № 9 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес келтіру мақсатында аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 қыркүйектегі 39 сессиясының № 4 "Бұқар жырау ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3434 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 қазандағы "Бұқар жырау жаршысы" аудандық газетінің № 41 санында, 2015 жылғы 23 қазандағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 386-бабының 5-тармағына, 444-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысының
өкілеттігін уақытша*

Ш. Курбанов

Т. Ргебаев

жүзеге асырушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК